

М.Х.ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТІ



**2025 жылдың 22-26 қыркүйек күндері аралығында
ЖАТАҚХАНАНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ТҰРМЫСТЫҚ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ
САУАЛНАМА ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

Тараз – 2025ж.

АЛҒЫ СӨЗ

1. ӘЗІРЛЕГЕН:

Әлеуметтік-мәдени даму проректор – А.Е. Тұрлыбек, Әлеуметтік-жұмыс басқармасының басшысы – А. Ұлтанбаев, Дінтану бойынша бас маманы – Б. Алпысбаев, Жастармен жұмыс бөлімінің маманы – А. Батыркулова


2. ЕНГІЗІЛДІ:

Әлеуметтік-жұмыс басқармасы

ЖАТАҚХАНАНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ТҰРМЫСТЫҚ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ САУАЛНАМА ҚОРЫТЫНДЫСЫ


*Жайлы орын болмай, сапалы білім қайдан болсын?
Жатақхана - ауылдан білім қуып келген студент үшін басты қажеттілік.*

2025 жылдың 22-26 қыркүйек күндері аралығында университеттің барлық факультет студенттері арасында https://docs.google.com/forms/d/e/1FAIpQLSdzQ2boZtdPvv5-ijaK3wflAUQr_CfNG4K9JsrYlX7-pm-ktg/viewform?usp=header «google.forms» бағдарлама арқылы Жатақхананың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы туралы сауалнамаға 392 студент қатысқан, оның ішінде 76 ер адам және 316 әйел адам. Сауалнамаға қатысқандардың басым бөлігін 1-курс студенттері құрайды — 232 адам. Ең көп қатысқан факультеттер: «Филология және гуманитарлық ғылымдар» (114) және «Технологиялық» факультет (128). Студенттердің басым көпшілігі №1 жатақханада тұрады (268 адам), ал қалғандары №2 жатақханада (119 адам).




Факультет

«Филология және гуманитарлық ғылымдар» факультеті – 114;
«Педагогика және әлеуметтік ғылымдар» факультеті – 66;
«Жаратылыстану ғылымдары» факультеті – 26;
«Дене шынықтыру және алғашқы әскери дайындық» факультеті – 29;
«Технологиялық» факультет – **128**;
«Экономика және құқық» факультеті – 29.



Курсы


1 курс – 232;
2 курс – 110;
3 курс – 38;
4 курс – 12.



Жынысы

Ер – 76;

Әйел – 316.



Қай жатақханада тұрасыз?

№1 жатақхана – 268;

№2 жатақхана – 119.



1. Жатақханаға орналасу барысында қандай кедергілер болды?

Кедергісіз орналастым – 354;

Студенттерге қызмет көрсету бөлімі комиссия мүшелеріне құжаттарды қарастыруға дер кезінде жібермейді – 6;

Комиссия мүшелері құжаттарды өз уақытында қабылдамайды – 2;

Платонус бойынша техникалық кедергілер болды – 18;

Университет қызметкерлерінің көмегімен орналастым – 8;

Орналасу кезінде қосымша ақы сұрады (кім алғанын атап жазсаңыз болады) – 1.

Талдау: Көпшілік студенттер (шамамен 95%) еш қиындықсыз жатақханаға орналасқан. Негізгі қиындықтар техникалық (Платонус жүйесі арқылы тіркелу кезінде). Әкімшілік кедергілер менжемқорлық сипатындағы жағдайлар өте сирек кездеседі. Бұл университеттің жатақханаға орналастыру жүйесі айтарлықтай тиімді және әділ екенін көрсетеді.

2. Жатақханаға орналасу барысында студенттер көбіне не үшін пара береді?

Менде кездеспеді – 324;

Бұндай жағдай орын алған жоқ – 52;

Орналасуды жылдамдату үшін – 5;

Жақсы бөлме алу үшін – 5;

Жатақханада қалу үшін – 4.

Талдау: Студенттердің 99%-ы парақорлық фактісін жоққа шығарады. Тек аз бөлігі (шамамен 3%) пара беруді жылдамдату немесе жақсы бөлме алу мақсатында қолданатынын көрсеткен. Демек жатақханаға бөліну процесі ашық және әділ деп бағаланады.

3. Жатақханада ойын құмарлық (лудомания) түрлері байқалады ма? / Есть ли в общежитии виды игровой зависимости (лудомании)?

Ойын құмарлыққа қызықпаймын – 381;

Жатақханада ойын құмарлық орын алады – 3;

Ойын құмарлыққа қызығушылық танытып жүрмін, қалай тоқтатсам болады - ?.

Талдау: Студенттердің басым көпшілігі ойынқұмарлыққа бейім емес. Жекелеген студенттер арасында бұл мәселе бар, бірақ өте аз (1%-дан төмен). Бұл көрсеткіш жатақханалағы тәртіп пен мәдени деңгейдің жоғары екеніне ғартады.

4. Жатақханадағы басты 3 мәселені атаңыз:

Блмим
Нету
Жоқ
Бәрі дұрыс
Ешқандай мәселе жоқ
Ешқандай
-
Мәселе жоқ
Білмим

5. Жатақханада діни тақырыпта уағыз айтатын студенттер кездесті ме? Встретились ли в общежитии студенты, проповедующие религиозные темы?

Жиі – 14;

Кейде – 18;

Сирек – 41;

Мүлдем болмайды – **312.**

Талдау: Көпшілік (80%-дан астам) студенттер жатақханада діни уағыз айтатындар жоқ деп жауап берген. Яғни, діни-насихат деңгейі төмен және бұл ортада діни еркіндік сақталған, бірақ экстремизм белгілері байқалмайды.

6. Жатақханада діни рәсімдерді орындайсыз ба? / Проводите ли Вы религиозных церемоний в общежитии?

Жатақханада діни рәсімдерді орындауға болмайды – 73;

Өз бөлмемде бес уақыт намаз оқимын – 18;

Тек жұма намазға ғана барамын – 23;

Діни рәсімдерді мүлдем орындамаймын – **184;**

Жауап беруге қиналамын – 63.

Талдау: Жартысына жуығы (48%) студенттер діни рәсімдерді тұрақты түрде орындайды. Бұл көрсеткіш жастар арасында рухани құндылықтарға оң көзқарас барын байқатады. Сонымен қатар, бейтарап (жауап беруге қиналған) студенттер үлесі де аз емес (16%), яғни діни тақарыпта ашық пікір білдіруге сенімсіздік бар.

7. Сізге басқа адамдардан харассмент (жеке шекара) әрекеттері жасалды ма?

Иә – 23;

Жоқ – **364.**

Талдау: Харассмент деректері өте аз (шамамен 6%), бұл жатақханадағы әлеуметтік және психологиялық ахуалдың тұрақты екенін көрсетеді. Алайда 23 жағдай тіркелуі – назар аударуға тұрарлық, психологиялық қауіпсіздік шараларын күшейту қажет.

8. Жатақханада туындаған мәселе бойынша кімге жүгінесіз?

Жатақханаға жауапты тәрбие бөлімі маманына – 109;

Комендантқа – **210;**

Бөлмелердегі көршілеріме – 12;

Студенттер кеңесінің төрайымына – 23;

Басқа студенттер үйіндегі достарыма – 6;

Топ кураторына – 16;

Басқа да адамдарға – 16.

Талдау: Комендант – ең сенімді тұлға (56%). Бұл студенттердің жатақхана ішіндегі басқару жүйесіне сенімі жоғары екенін білдіреді. Дегенмен, кураторлардың ролін күшейту керек – студенттеркөбінесе ресми емес жолды таңдайды.

9. Жатақхана комендантының жұмысына қанағаттанасыз ба? / Довольны ли вы работой коменданта общежития?

Студенттерден ақша жинайды – 4;

Өз жұмысын жақсы орындайды – **357;**

Санитарлық-гигиеналық тазалыққа мүлдем қарамайды – 11.

Талдау: Коменданттардың жұмысына жалпы қанағаттану деңгейі өте жоғары (94%). Тек аз бөлігі (3%) тазалық пен тәртіпті жақсартуды қажет деп санайды.

10. Жатақхана вахтераның жұмысы сізді қанағаттандырады ма?

Келушілердің рұқсат қағазын әлсіз бақылау, немқұрайлылық – 12;

Келушілердің өтуін қатаң бақылау – **336;**

Кешкі және түнгі уақытта жатақханаға бөтен адамдарды кіргізуі – 2.

Талдау: 89% студент вахтер жұмысына риза. Бұл жатақханада қауіпсіздік пен тәртіп деңгейінің жоғары екенін көрсетеді.

11. Жатақхана деңгейін 1-5 баллмен бағалаңыз.

(Тазалық / Чистота, Жылу жүйесі / Система отопления, Интернет / Wi-Fi / Интернет / Wi-Fi, Жуыну бөлмесі (душ, су) / Ванная комната (душ, вода), Ас бөлмесі (ас үй) / Кухня, Қауіпсіздік / күзет / Безопасность / охрана, Жиһаз (кереует, үстел, т.б.) / Мебель (кровать, стол и т.д.), Әкімшілік жұмысы / Административная работа, Кітапхана / Библиотека)

1 балл – 23;

2 балл – 29;

3 балл – **120;**

4 балл – 112;

5 балл – 108.

Талдау: Ең көп студент (120адам) жатақхананы 3 баллмен бағалаған, яғни орташа деңгей деп есептейді. 4 және 5 балл бергендердің саны да жоғары (220адам), бұл – қанағаттанарлық және жақсы жағдай бар дегенді білдіреді. Төмен баға (1-2 балл) бергендер барлығы 52 адам (шамамен 11%), бұл жекелеген тұрмыстық немесе ұйымдастырушылық кемшіліктер бар екенін көрсетеді.

12. Бөлмелерді бөлу кезінде әділетсіздік немесе сыбайлас жемқорлық әрекеттері орын алдыма? Егер болса ол кім тарапынан болды?

Жоқ, кездеспеді – **367;**

Мәжбүрлеу болған жоқ – 11;

Таныстық арқылы – 7;

Әкімшілік қызметкерлері - ?;

Жатақхана қызметкерлері – 4.

Қызметкердің аты-жөнін жазып өтсеңіз болады (күпияда сақталады)

Талдау: **367 студент (90% шамасында)** ешқандай әділетсіздік байқамаған. Ал 29 студент түрлі формадағы әділетсіздік немесе ықпал ету әрекеттерін байқаған.

13. Егер жатақханаға қатысты заңсыз әрекеттерге тап болсаңыз, шағым жасауға дайынсызба?

Әрине – **254;**

Қуана келісемін – 12;

Қажет емес – 31;

Заңсыз әрекеттер болмады – 95.

Талдау: **254 студент (62%)** заңсыз әрекет болса, шағым жасауға дайын. 95 студент (23%) ондай жағдай болмағанын айтқан. 43 студент (10%) әртүрлі себептермен (қажет емес, куәліксіз) әрекет етпейтінін көрсеткен.

ҰСЫНЫСТАР

1. Платонус жүйесін жетілдіру, техникалық кедергілерді азайту.
2. Жатақханаға қабылдау комиссиясының жұмысына кері байланыс формасын енгізу.
3. Ойынқұмарлықтың алдын алу мақсатында студенттер арасында психологиялық қолдау және ақпараттық жұмыстар жүргізу.
4. Харассмент пен этикалық шекара жөніндегі студенттер арасында семинарлар өткізу.
5. Діни төзімділік пен рухани мәдениет бағытында ашық әңгіме алаңдарын ұйымдастыру.
6. Комендант пен тәрбие бөлімі арасындағы байланыс жүйесін цифрландыру, студенттердің кері байланысын жеңілдету.

7. Психологиялық көмек бұрышын енгізу – әсіресе «жеке шара» мәселесіне қатысты.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылай келе, сауалнама нәтижелері студенттердің жатақханалардағы тұрмыс жағдайына жалпы оң баға беретінін көрсетті. Алайда, жекелеген мәселелер, атап айтқанда, орналасу кезіндегі техникалық қиындықтар, кейбір әкімшілік қызметкерлердің жұмысына қатысты шағымдар және сирек болса да, жемқорлық әрекеттерінің орын алуы байқалады.